**«БЕКІТЕМІН»**
Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы
қабылдау комиссиясы төрағасының
міндетін уақытша атқарушы
_______________ Ш. Ергөбек
(Ғылыми кеңестің
2026 жылғы 30 сәуірдегі
№10 хаттамасы)

# 8D02184–«КИНО ЖӘНЕ ТЕЛЕВИЗИЯ РЕЖИССУРАСЫ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША PhD ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Алматы, 2026ж.**

## 1 ДАЙЫНДАҒАНДАР

Бакеева М. Қ. - «Кино және ТВ» факультетінің деканы, PhD докторы;
Абишев С.Е.– «Экран өнері режиссурасы» кафедрасының меңгерушісі, PhD.

## 2 ТАЛҚЫЛАНҒАН

«Экран өнері режиссурасы» кафедрасының отырысында талқыланған

Хаттама №9 «09» 04 2026 ж.

«Экран өнері режиссурасы»
кафедрасының меңгерушісі,
_____________ Абишев С.Е.

## 3 КЕЛІСІЛГЕН

Ғылыми жұмыстар
бойынша проректор _________________ Халыков К.З.

Ғылыми кадрларды даярлау бөлімі басшысы ___________ Кульшанова А.А.

Докторантураның арнайы пәні бойынша қабылдау емтиханының бағдарламасы жоғары білім беру бағдарламасының алдыңғы сатысы (магистратура) көлеміне дайындалған.

**1. Докторантураға түсуші келесі мәселелер туралы түсінікке ие болуы тиіс:**

Қазіргі әлеуметтік-мәдени парадигма контексіндегі әлемдік және отандық өнертану мен кино өнерінің өзекті мәселелері туралы; мамандық бағыты бойынша теориялық-әдіснамалық білімдердің, іскерліктердің және кәсіби құзыреттердің жүйелі кешенін меңгеруі; өнертану ғылымының категориялық аппаратын еркін игергенін және іргелі ғылыми-теориялық даярлығының жоғары деңгейін көрсетуі; қалыптасқан ғылыми дүниетанымы, кең эрудициясы және дербес сыни ойлау қабілеті болуы тиіс.

**білуі тиіс:**

- әлемдік және отандық кино өнерінің, кинематографиялық үдерістің, әдебиеттің және сабақтас өнер түрлерінің даму үрдістері мен заңдылықтарын;
- кино өнерінің және қазіргі көркемдік-эстетикалық тұжырымдамалардың болашақ даму бағыттарын болжаудың тұжырымдамалық негіздерін;
- режиссураның, кинодраматургияның және операторлық өнердің тарихы мен теориясын олардың диалектикалық бірлігі мен тарихи-мәдени шарттылығы тұрғысынан;
- тиісті мамандану бойынша шығармашылық ойды практикалық іске асырудың әдіснамасы мен технологиясын;
- күрделі қойылымдық үдеріс жағдайында шығармашылық ұжымды ұйымдастыру және басқару қағидаттарын;
- кәсіби өзін-өзі дамытуға, өзіндік білім алуға және біліктілікті үздіксіз жетілдіруге бағытталған шығармашылық әдістемелер жүйесін;
- тарихи үдерістің заңдылықтарын және қазіргі болмысты экран өнері құралдары арқылы бейнелеудің ерекшеліктерін.

**істей білуі тиіс:**

- көркем және кәсіби әдебиетке герменевтикалық талдау жүргізіп, әдеби сценарийлерге барабар интерпретация мен режиссерлік тұжырымдама жасау;

- шеберлік сыныптары, ғылыми семинарлар, халықаралық фестивальдер мен конкурстар аясында ғылыми-шығармашылық коммуникация жүргізу;
- әлеуметтік маңызы жоғары әрі азаматтық бағыттағы аудиовизуалды жобаларды жүзеге асыру;
- кино және телевизиялық өндіріс жағдайында рухани-адамгершілік және эстетикалық мазмұны жоғары талаптарға сай тұтас көркем аудиовизуалды бейнелер жасау;
- экран өнері пәндерін оқыту саласында білікті ғылыми-педагогикалық қызметті жүзеге асыру;
- шығармашылық ұжымға тиімді жетекшілік етіп, қойылымдық үдерістегі нәтижелі өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

**дағдылары болуы тиіс:**

- ғылыми зерттеудің мақсатын, міндеттерін, объектісі мен пәнін құрылымдау және тұжырымдау;
- өнердің әртүрлі түрлеріне кешенді көркемдік-талдамалық зерттеу жүргізу және сараптамалық бағалау жасау;
- қазіргі заманғы өнер мен мәдениет теориясы мен практикасын дамыту мақсатында тарихи заңдылықтарды, көркемдік дәстүрлерді және мәдени мұраның трансформациялық үдерістерін анықтау және зерттеу;
- өнертанулық талдаудың пәнаралық әдістерін қолдану.

**құзыретті болуы тиіс:**

Ғылыми жаңалығын, зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығын көрсететін, сондай-ақ PhD докторанттарына арналған ұсынылатын ғылыми басылымдардың талаптарына сәйкес келетін ғылыми, ғылыми-талдамалық және ғылыми-практикалық жарияланымдарды даярлау саласында.

## II. Пәндердің атауы мен олардың негізгі бөлімдері

**«Қазіргі кино режиссурасындағы құрылымдық тәсілдер мен зерттеулер» пәнінің мазмұны.**
**1 пән «Заманауи кинорежиссурасының құрылымдық жүйесі мен зерделуі»**
**Курс мақсаты.**
**«Заманауи кинорежиссурасының құрылымдық жүйесі мен зерделуі»**
- Бұл курс мамандарды шығармашылық және ғылыми даярлау жүйесінде алдыңғы қатарлардағылар ретінде саналады әрі өнер саласындағы сараптама мен білім синтезінне қабілеттілікті қалыптастыруға лайықты. Негізгі назарда автордың шығармасындағы қарым қатынасты ашатын драматургияның әртүрлі салалары, көркем қиялды адаптация мен материалды басқаша жасау арқылы драматургиялық сараптама жүргізіп ойды жеткізетіндер мен көрермен десе болады. Докторанттар заманауи әлемдік киноөндірісі мен отандық киноиндустриясының тәжірибесіне сүйеніп режиссерға қажетті көркем, деректі және телевизиялық кино жасау үшін дағдысы мен компетенцияларын өзектендіріп әрі стандарттауға үйренеді.

**Міндеттері. «Заманауи кинорежиссурасының құрылымдық жүйесі мен зерделуі»-** докторанттың деректерді ғылыми жариялау дағдысын жетілдіру бойынша және кинематография мен телевидение саласындағы құбылыстарды зерттеу жұмыстарына қызығушылығын тудырады. Экран мүмкіндігінің поэтикалық мазмұнын түсіну, көркемдік құралдардың бай мүмкіндігін пайдалану, кино мен телевидение режиссурасы өнеріндегі басты және қосымша көркем қарапайымдылыққа қол жеткізу.

**Білуі керек:** кинематография мен телевидение саласындағы іргелі ғылым негіздерін; көркем кино - және телефильм режиссурасы теориясын; студиялардың техникалық мүмкіндігін; әлемдік әдебиетті; драматургия теориясын; бейнелеу өнері тарихын; актер мен кинорежиссер шеберліктерін; кинооператорлық шеберлік негіздерін; музыканың көркемдік мүмкіндіктерін; кино және ТВ заманауи даму бағыттарын.

**Атқаруы тиіс:** өзінің тұжырымдары мен білімін нақты және анық жеткізу және оларды экран өнері саласындағы орнын көрсету, өздігімен білімін жетілдіруні тоқтатпау, заманауи кино және телевидение өнерінің маңызды мәселелері мен бағыттарын сараптау. Режиссура өнері тарихы мен теориясынан алған тәжірибелік білімін кәсби мақсатта қолдана білу, режиссура шеберлігі саласындағы ізденісін

өздігімен жүргізу, кино және телевидение режиссерінің кәсіби шығармашылық, тәжірибелік және күнделікті қызметте біліктліікті және дағдыны пайдалана білу.

**Өзінде болуы керек:** өзінің әлеуметтік – тұлғалық сипаттамалары мен кәсіби компетенцияларын бар жиынтығын толықтай пайдалану негізінде режиссураның тарихы мен теориясы саласындағы жүйелік – тұтастық шешімінің кәсіби дағдыларын, өткен тарихқа қатысты мәселелрде өз көзқарасын, жоғары білім білім беру бағдарламасын меңгерген нәтижесін көрсету.

**Қабілеттілік болуы керек:** кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде жеткізу сапалары және стратегия мен тактиканы жасаудың негіздемесі; режиссураны оқытудың теориясы мен практикасының өзекті мәселелері бойынша айта білу және өз көзқарасын жеткізу; білімді, логикалық және сыни ойды, сараптаманы, сендіру мен аргументацияны шығармашылықпен ұштастыру; ғылым, білім, мәдениет және әлеуметтік сала, әлемдік кеңістіктегі қажеттілікпен байланысты интеграцияланған негізгі және жаңашылдықпен алған білімді кәсіби қызметті жүзеге асыруда сауатты пайдалану.

**Емтихан сұрақтары тізімі**

1. Сандық мәдениеттегі киноәңгіменің құрылымы.
2. Кинематографиялық шығарманың құрылымын зерттеудегі психосараптамалық шешімдер.
3. Эксперименталды кинорежиссурадағы жаңашылдық құрылымдық тәсілдер: зерттеуге және сараптамаға жүгіну.
4. XXI ғасырдағы кинодағы кейііпкер мен қарсы кейіпкер бейнелерін зерттеудегі құрылымдық шешім.
5. Заманауи кино құрылымына жаңа медианың әсері және қабылдануы.
6. Кинорежиссурадағы постмодернистік әдеп тәжірибесінің жүзеге асуы.
7. Драматургиялық материалдың артхаус бағытындағы фильмдердегі ұйымдастырылу үрдістері.
8. Заманауи дыбыстықкөріністі кеңістіктегі нормалар мен критерийлердің жоққа шығарылуы.
9. Қазақстандық режиссерлардың фильмдеріндегі «келіспейтін» бейнелердің ұқсастығы мен бірігуі .
10. Ұлттық кинодағы дала мен ландшафтың көріністік кодының режиссерлық метафора ретінде қабылдануы.
11. XXI ғасыр кинорежиссурасы әдебіндегі постмодернизм

12. Дыбыстыққөріністік шығармашылығындағы мәдени код пен мәтіннің қосақтасуы.
13. Мистицизм, рационализм, иррационализм, әлемдік режиссурадағы түйсік.
14. Қазақстан режиссерларының фильмдеріндегі шығармашылық мұраның тұтастығы.
15. Қазақстан жас режиссерлардың фильмдеріндегі босқұрылымдық үрдістері.
16. XXI ғасырдағы киномәдениетіндегі ерекше кеңістік.
17. Қазақстан режиссерларының фильмдеріндегі көрініс синтезі мен елестегі әлем.
18. Қазақстан режиссерларының фильмдеріндегі аралық жанрлық синкретизм.
19. Қазақстан режиссерларының шығармашылығындағы мифологиялық және фольклорлық дәстүрге оралуы.
20. XXI ғасыр фильмдеріндегі мәдениет мағыналарымен пародиялық ойындар.
21. Заманауи кинорежиссураның әдеп жүйелері.
22. Заманауи дыбыстыкөріністік кеңістіктегі жүйелік пен эклектіктік үрдістері.
23. Кинорежиссерлар шығармашылығындағы XX ғасыр пәлсапалық жүйесінің көрінісі.
24. XX ғасыр телевизиялық фильмдеріндегі кинорежиссура үрдістері .
25. Қазақстан режиссурасындағы постмодернизм имплементациясы.
26. Дыбыстыкөріністік саладағы көркем шығармалар негізі архитектоника сынды.
27. XX ғасыр кинематографындағы архетиптік бейнелерді қалыптастыру.
28. Психосараптама және оның кинорежиссерлар шығармашылғындағы көрінісі.
29. Әлеуметтік тақырып телехикаяларды құраушысы іспеттес.
30. Телехикая романның заманауи үлгісі іспеттес.
31. Заманауи телехикая форматындағы «Қойылым театры» мен «қайғыру театры».
32. Кинофильм мен телебағдарлама кеңістік әлемдерінің айырмашылығы.
33. Кинематографиялық бейнелер құрылымы: сценарийдың өзегінен экран көрінісіне дейін.
34. Сюрреализм үрдістеріне сүйенген кинокадр композициясын құрудың трансформациялық үлгілері.
35. Кинокадрдың метафортығы кинематографиялық бейне негізі іспеттес.
36. Спецэффекттер мен компьютерлік графика фильмнің негізгі тақырыбын ашуда қосымша ресурс сынды.
37. Медиаиндустрия дәуіріндегі режиссура өнері.
38. Дыбыстыққөріністік өнер құрылымындағы жаңаша технологиялар.
39. Түс көрудің психологиялық әсері мен оның экрандағы көрінісі.

40. Суретшілер мен музыканттардың шығармашылық жобаларындағы кинематограф элементтерінің қосылуы.

41. Қазақстан режиссура мектебінің эволюциясы: сабақтастық пен жаңашылдық.

42. Қазақстанның ұлттық кинематографиясын зерттеудің әдіснамалық тәсілдері.

43. Қазақстанның ұлттық кинөндіріс моделі: қазіргі жағдайы және даму перспективалары.

## Пайдаланған әдебиет тізімі

1. Ангелов А. Практическая режиссура кино. – «Deluxe», 2013.
2. Вайсфельд И. О сущности кинодраматургии. – М., 1981.
3. Ершов П. Режиссура, как практическая психология. – Мир искусства, 2010.
4. Захава Б. Мастерство актера и режиссура. – «РАТИ-ГИТИС». 2008.
8. Кокарев И.Е. Кино как бизнес. – Минск: «Вадемекум», 1991.
9. Масленников И. Из личной кинопрактики  За стопкой стопка. – «Амфора», 2010.
10. Митта А. Кино между адом и раем». – «Астрель», «ВКТ», 2012.
11. Михалков Н. Территория моей любви. – «Эксмо», 2015.
12. Молчанов А. Букварь сценариста. – «Эксмо», 2015.
13. Соколов А.Т. Монтаж: телевидение, кино, видео, Часть 1. – «А.Г.Дворников», 2000.
14. Фрумкин Г.М. Телевизионная режиссура. Введение в профессию. – «Академический проект», 2009.
15. Эйзенштейн С. Монтаж. – М. ВГИК, 1998.
16. Владимирские Анна и Петр. Искусство для простых смертных. – М., 2006.
17. Тенейшвили О.В. Французское кино. – М.: ВИПКРК, 1991.
18. Уорд Питер Композиция кадра в кино и на ТВ. – «ГИТР», 2005.
19. Ромм М. Беседы о кино и кинорежиссуре – М.: Академический Проект, 2016.
20. Брессон Р. Заметки кинематографа 1950-1974. – М: РоузбадИнтерактив, 2017.
21. Сурмели А. Искусство телесценария. – СПб: Лань, Планета Музыки, 2018.
22. Нөгербек Б., Наурызбекова Г.Қ. Қазақ киносының тарихы – Алматы, 2005.
23. Махат Садық. Деректі фильнен, үлкен киноға дейін – Алматы, 2004.
24. Абикеева Г. Казахское новое кино: каталог – Алматы, 1998.
25. Бегалин Мәжит. 1922-1978. Кітап-альбом – Алматы, 2008.
26. Азимов С. Заявка на фильм – Алматы, 2011.
27. Манабай Д.К. Сценарий фильма в жанре комедии – Алматы, 2011.
28. Ногербек Б. На экране «Казахфильм». Статьи, рецензии, эссе, интервью – Алматы, 2007.
29. Құрманғалиқызы Г. Әуезов және кино. – Алматы, 2000.
30. Рахманқызы Н. Кинорежиссер Ораз Әбішев. – Алматы, 1998.
31. Смайылов К. Қазақ киносының тарихы. Оқу құралы.- Алматы: Білім, 1999.

32. Калымбетов Б. Создание художественного образа в фильме. - Алматы, 2015.

1. Пән атауы **«Қазіргі режиссурадағы көркемдік тенденциялары мен стильдерді түсіндірудің тұжырымдамалық тәсілдері»**

**«Қазіргі кино режиссурасындағы көркемдік тенденциялары мен стильдерді түсіндірудің тұжырымдамалық тәсілдері»**

**Курс мақсаты.** «Қазіргі кино режиссурасындағы көркемдік тенденциялары мен стильдерді түсіндірудің тұжырымдамалық тәсілдері» - шығармашылық және ғылыми тұрғыда жүйелі түрде маман даярлаудағы алдыңғы қатарлы курс ретінде өнер саласындағы сараптамаға қабілеттілік жәнәе білім синтезін қалыптастырады. Негізгі назарды түрлі шығарма авторының өзарақатынасының маңызын ашатын драматургия салалары, драматургиялық сараптамаға негізделген көркемдік қиялды адаптация арқылы және материалды өңдеумен ойды жеткізіп әрі көрерменді толғантады.

**Курс міндеті.** «Қазіргі кино режиссурасындағы көркемдік тенденциялары мен стильдерді түсіндірудің тұжырымдамалық тәсілдері» - магистрант кезіндегі драматургия дәрістерінде алған білімдерін бекіту, тереңдету және білімін жетілдіру; драматургия мен сценарлық шеберлік бойынша әдебиетпен өзіндік жұмыс дағдысын қалыптастыру; негізгі әдеби – сахналық қабілет пен тәжірибені бекіту; докторанттардың драматургиялық ойлау бағыты мен шығармашылық қабылетін дамыту; киносценарий құрылымын жасау дағдысын енгізу; болашақ фильм үшін материалды әдеби өңдеу негіздерін үйрету.

**Білуі керек:** драмалық мәтіннің және сахналық шығарманың құрылымы үрдісін; драматургиялық мәтін критерииін; мизансахна жасауда мәтіннің жарамдылығы; идеологиялық және тарихи контекст пен интертексттің жиынтығы; мәтіннен тыс элементтердің на текст драмаалық шығармалар мәтініне әсері, әрекеттер тізбегі, фабула жолы - эпизодтарды орнықтыру, әрекеттің үзіліссіз және үзіктілігі, эпикалық кезеңдерді кірістіру; дыбыстыққөріністі шығарманың негізгі компоненттері: көріністік және мәтіндік; қойылым стратегиясы мен мәтін стратегиясы мақсаты.

**Атқара білуі:** болашақ экран өнері шығармашылық қайраткерлерді классикалық және заманауи драматургияның теориялық негіздерімен, сол сияқты шығармашылық жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін қажеттіліктермен; драматургиялық заңдылықтарға сәйкес тиімді шешім қабылдай, шығармашылық мен өндірістік қызмет үрдістермен қамтамасыз ете.

**Болуы тиіс:** докторанттарды даярлауды жүзеге асырудың кәсіби дағдысын өндірістік салада өзінің шығармашылық мүмкіндігін көрсете; өзінің әлеуметтік – тұлғалық сипаттамасы мен компетенциясының жиынтығын; өткен тарихқа қатысты құндылықтар бойынша мәселелерде өз көзқарасын таныту; креативті ойлау негіздері; әдеби – сахналық шығармашылық кеңістігінде білім мен қабілет нәтижелері.

**Қабілетті болу:** заманауи дыбыстыққөріністік өнердің барлық түрі үшін әдеби – сахналық шығарманың сапалы көрініс мен жасалуын негіздеуге; кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде стратегия мен тактиканы жасауға; мәдениет пен өнерге қатысты өзекті мәселелерде өзінің көзқарасының барына; білімді, логикалық және сыни ойлау, сараптама, сендіру мен аргументацияны шығармашылыққа пайдалануға; ғылым, білім, мәдениет және әлеуметтік сала, әлшемдік кеңістіктке байланысты интеграцияланған түбегейлі және жаңашылдық білім алуға.

## Емтихан сұрақтары тізімі

1. Трагикалық және комикалық интерпретацияға заманауи режиссерлық тұжырым .
2. Заманауи режиссура стилистикасына тұжырымдама жағынан сандық медиа әсері.
3. Жанрлық араластыққа режиссерлық интерпретациялар ерекшелігі (жанрлардың қойыртпағы).
4. Телевидениедегі тікелей эфирдегі жаңа бағыттар.
5. Телевидениенің пайда болуы. Телевизиялық бағдарламалар бейнесіндегі рационалдық пен иррационалдық.
6. Батыстық кинотеория және оның ерекшелігі.
7. Кинематографтағы жарықтың әдептік және үлгіжасаушылық қызметтері.
8. Заманауи кинематографтағы көркем тәсілдер.
9. К.Метц теориясы бойынша кинематографиялық белгі.
10. Сценаридегі драматургиялық тәсілдер.
11. Монтаждағы көркемдік тәсілдер мен кинотілі эволюциясы.
12. Анимациялық фильмдердегі символизм орны.
13. XX ғасыр басындағы кинематографтағы постимпрессионизм феномены.
14. Фильмдегі шиеленіс дамуының механизмы.
15. Мәтін экрандағы семиотика іспеттес.
16. XXI ғасырдағы кино мәдениетіндегі авторлық киноның ерекшелігі.
17. Кинематографтың жаңа бағыттары мен кинотілінің эволюциясы.

18. Заманауи кинематографтың әдептік бағыттары.
19. Заманауи киноүрдіс пен кино семиотикасының жаңа бағыттары.
20. Қазіргі кинематографиядағы киноцитатаның рөлі.
21. Экран өнерінің медиалық аспектілері.
22. Ю.Лотман құрылымдық – семиотикалық концепциясындағы мәдениет ұғымы.
23. Коммуникациялар теориясы мен экран семиотикасы.
24. Өнер бейнелер әлемімен өзарақатынас үлгісі ісеттес.
25. С.Эйзенштейннің монтаж бен режиссура теориясының концепциясы.
26. Шығыс кино теориясының философиялық-эстетикалық негіздері.
27. Қазақстан кинематографиясындағы режиссерлік мектептердің эволюциясы: сабақтастық және заманауи үрдістер.
28. Қазақстан кинематографиясындағы ұлттық киноидентификацияның қалыптасуы: көркемдік және мәдени аспектілер.

**Пайдаланған әдебиет тізімі**

1. Аристотель. Риторика, Поэтика. – М., 2000.
2. Базен А. Что такое кино? – М., 1972.
3. Блейман М. О кино – свидетельские показания. – М., 1973.
4. Брехт Б. Малый органон для театра //Театр. – М., 1965. – Т. 5/2.
5. Вайсфельд И. О сущности кинодраматургии. – М., 1981.
6. Власов М. Виды и жанры киноискусства. – М., 1976.
7. Габрилович Е. Кино и литература. – М., 1965.
8. Довженко А. Собрание сочинений. – М., 1966-1969. –Т.1-4.
9. Козинцев Г. Пространство трагедии. – Л., 1973.
10. Козлов Л. Изображение и образ. – М., 1980.
11. Кракауэр З. Природа фильма. – М.,1974.
12. Маркулан Я. Киномелодрама. Фильм ужасов. – Л., 1979
13. Монтегю А. Мир фильма. Путеводитель по кино. – Л., 1969.
14. Пудовкин В. Киносценарий //Собр.соч. – М.,1974. – Т.1.
15. Ромм М. О кино и хорошей литературе //В сб.:Беседы о кино. – М.,1964.
16. Шилова И. Фильм и его музыка. – М.,1973.
17. Эйзенштейн С. О форме сценария //Избр.произв. – М.,1964. –Т.2.
18. Аристарко Г. История теорий кино. – М., 1966.
19. Асенин С. Познавательная и воспитательная роль искусства. – М.,1967.

20. Володин А. Для театра и кино. – Л., 1967.
21. Вопросы кинодраматургии: Сб.статей. – М., 1954-1974. – Вып. 1-6.
22. Гребнев Б. Шесть повестей для экрана. – М., 1979.
23. Дунский Ю., Фрид В. Избранные сценарии. – М., 1975.
24. Зарубежные киносценарии. – М., 1966-1976. – Вып. 1-6
25. Михалков-Кончаловский А. Парабола замысла. – М., 1977.
26. Соловьева М. Статьи по кинодраматургии //В сб.:Мастер-класс по экологической тележурналистике. – Алматы, 2005.
27. Ханютин Ю. Реальность фантастического мира. – М.,1977
28. Шпаликов Г. Избранное – М., 1979.
29. Туркин В.К. Драматургия кино. Очерки по теории и практике киносценария. – М., 2002.
30. Ричард Уолтер. Сценарное мастерство (реферат). – М., 1993.

## III. «Кино және ТВ режиссурасы» эссе тақырыптары

1. Көрнекті режиссердің шығармашылық өмірбаяны диссертациялық зерттеу нысаны ретінде.
2. Режиссура имен жаһандану: халықаралық кино- және телеөндірісі контексіндегі ұлттық бірегейлікті сақтап қалу.
3. Сандық кино заманында көреремен әсерін трансформациялау: аудиторияны тартуда режиссерлық тәсілдер.
4. Кино мен телевидениенің заманауи режиссурасындағы кейіпкер мен қарсы кейіпкер бейнелерін қалыптастыру.
5. Режиссура және ұлттық бірегейлік: қазақстандық кинодағы мәдени кодтың репрезентациясы.
6. Мәдениеттегі символизм мен кинематографтағы таңба белгілері.
7. Ұлттық кино көкжиегі арқылы өнер саласындағы көркемдік концепциялар.
8. Семиотика мен экран өнері әдебі.
9. Режиссерлік мектептердің салыстырмалы талдауы (кеңестік, еуропалық, американдық, азиялық).
10. Кинорежиссура ғылыми зерттеу нысаны ретінде: әдіснамалық тәсілдер.

## IV. Рефераттар тақырыптары

1. Сандық технологиялар заманында киноәңгімелеудің құрылымының трансформациясы.
2. Халықаралық кинофестивальдердің режиссерлық бағыттарды қалыптастырудағы және заманауи кинематографистердің өсуіндегі рөлі мен маңызы.
3. Гендерлық аспекттерді зерттеу және оның режиссер шығармашы-лығындағы көрінісі.
4. Эстетика мен заманауи кинорежиссура виртуалды шынайылығындағы технологиялар.
5. Заманауи қазақ киноның көріністік стилистикасындағы ұлттық дәстүрдің интерпретациясы.
6. Заманауи қазақ кинематографиялық тәжірибесіндегі қалалар (Алматы мен Астана) бейнелерінің қалыптасуына семиотикалық сараптама.
7. Қазақстанның кинематографиялық шығармашылығындағы экспрессионизм дәстүрін тұрақтандыру ерекшеліктерін зерттеу.
8. Қазақстанның көркем кинематографиясының қалыптасуы мәселелеріне жүйелі сараптама: теоретикті-әдістемелік аспект.
9. Жаңалықенгізушілік пен қазақ кинематографиялық индустриясының заманауи қозғалысы.
10. Қазақстандық телевизиялық нарықтағы кинематографиялық тіл диалектикасы арқылы дыбыстыққөріністі уақыт бейнесін жасауа негіздері .
11. Әдістеме мен тарихи – уақыттық кезеңдегі деректі кинематографияның жасалу заманауи бағыттары.
12. Қазақ кинематографиялық әдебіндегі халық ауыз әдебиетіндегі батыр қыздардың бейнелерінің репрезентациясы.
13. Кейіпкерлердің психологиялық ерекшеліктері мен заманауи қазақ анимация өнеріндегі көріністік үлгілер көркемдігіне салыстырмалы сараптама.
14. Стилистикалық интеграция кинематография өнерінің әдептік құрылымы мен мазмұнының негізін жасайтын элемент.
15. Заманауи анимациялық тәжірибеде қазақ халқының мәдени аспекттерінің көрінісі.
16. XXI ғасырдағы деректі кино: жаңа көркемдік формалар.
17. Оқиғалықтың феномены кинематографиялық өнердің көркемдік концепциясының өзегі іспеттес.

18. Заманауи қазақ киносының әлеуметтік мәдени даму факторлары: аудитория мен рецепцияға кросс-мәдени және әлеуметтік сараптама.
19. Қазақстандағы деректі киноның көрінісі: геосаяси және мәдениеттанушылық сараптама.
20. Қазақ киносының көріністік риторикасы: стиль мен нарративке семиотикалық сарапатама.
21. Қазақ киносы кросс-мәдени диалогтың инструменті іспеттес: мәдениаралық стратегиялар мен заманауи кинематография индустриясына үндеулер.
22. Қазіргі қазақстандық кинематографиядағы діни мотивтер.
23. Қазақстандық мультипликациялық кейіпкерлер дизайнын қарастыру арқылы түркі халқының бірыңғайлылығының репрезентациясы.
24. Режиссураны байқау арқылы ұлттық кинодағы экологиялық мәселелер.
25. Әлемдік кино бағыттарының заманауи қазақ режиссура мектебі кинотіліне әсері.